

Қ а ң т а р д а ғ ы

Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.02.22 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу қағидалары «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу (бұдан әрі – шектеулер мен тыйым салулар) тәртібін айқындайды.

2. Шектеулер мен тыйым салулар жануарлар дүниесінің объектілерін сақтау және өсімін молайту мақсатында белгіленеді.

3. Шектеулер мен тыйым салулар жануарлар дүниесінің объектілерін сақтау мақсатында олардың мекендеу ортасы ареалдарының (таралу облыстарының) географиялық, климаттық ерекшеліктері ескеріле отырып белгіленеді.

4. Шектеулер мен тыйым салулар:

1) аумақ бойынша: Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, өңіраралық, бассейндік деңгейде, жекелеген аумақтық әкімшілік бірліктердің немесе олардың бір бөліктерінің шекараларында, сондай-ақ жекелеген аңшылық алқаптарда, су айдындарда және (немесе) учаскелерде;

2) мерзім бойынша: тұрақты (қолданылу мерзімдері көрсетілмей) не белгілі бір мерзімдерге;

3) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын аулаудың әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолдану бойынша;

4) жануарлардың жекелеген түрлерін немесе топтарын, олардың белгілі бір популяциясын алу нормаларын шектеу мен өзгерту қажеттігі туындағанда жануарлардың түрлері бойынша не жынысы немесе жасы бойынша;

5) жануарлар дүниесін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдаланушылар санын шектеу бойынша белгіленеді.

2. Шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу тәртібі

5. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) тиісті бюджеттік бағдарламалар шеңберінде әзірленген биологиялық негіздеменің түрінде немесе құрамында мамандандырылған ғылыми ұйымдар жануарлардың белгілі бір түрлеріне арналған шектеулер мен тыйым салулар бойынша берген ұсыныстардың түсуіне қарай шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу, сондай-ақ оларды түзетудің о р ы н д ы л ы ғ ы н қ а р а й д ы .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.08.2013 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-1. Уәкілетті орган жануарлар дүниесінің объектілерін сақтауға, сондай-ақ олардың мекендеу әрі көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған шектеулер мен тыйым салулар бойынша ұсынымдарды ескереді.

Ескерту. Қағидалар 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2013 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен биологиялық негіздемелерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.08.2013 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу, сондай-ақ оларды түзету орынды болған жағдайларда, уәкілетті орган биологиялық негіздемелерге және мемлекеттік экологиялық сараптама нәтижелеріне сәйкес жануарлардың тиісті түрлеріне шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің жобасын (бұдан әрі - шешім жобасы) ә з і р л е й д і .

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.08.2013 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Уәкілетті орган әзірленген шешім жобасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне е н г і з е д і .

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі биологиялық негіздемелердің және мемлекеттік экологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу туралы шешім қабылдайды.

10. Белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың орындалуын бақылауды уәкілетті органның тиісті ведомстволары және олардың аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК